

ҚАБЫЛДАУ СЫНАҒЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасына түсу үшін: B089 -«Медициналық профилактикалық ісі»
(қыскартылған оқу мерзімімен)

Қосымша білім беру деңгейі бойынша:

- Медициналық колледждің «Гигиена және эпидемиология» факультетін бітіргендерге -3 жыл.
- Жоғары оқу орынында «Қоғамдық денсаулық» факультетін бітіргендерге – 2 жыл.

Біліктілігі: «Гигиенист-эпидемиолог дәрігер»

Білім деңгейі: Жоғары

Оқыту формасы: Күндізгі

Оқу жылы: 2024 - 2025

1.Құжаттарды қабылдау және емтиханын тапсыру мерзімі:

1. Құжаттарды қабылдау мерзімі күндері: 25.07.2024 – 29.07.2024ж.
- 2.Емтихан тапсыру күндері: 30.07.2024 – 02.08.2024ж.
3. Апелляцияға өтінімдерді қабылдау: нәтижелер жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін.
4. Емтиханның өтетін орны Марьесева көшесі 68, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті».
5. Студенттер қатарына қабылдау ағымдағы жылдың 10-25 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

2. Қабылдау емтиханының түрі мен бағалау критерийлері:

В089 - «Медициналық профилактикалық ісі» ОП бойынша оқудың қысқартылған түріне түсу емтиханының кезеңдері мен нысаны алдыңғы білім деңгейіне және талапкердің біліктілігіне байланысты: Орта кәсіби фармацевтикалық білім негізінде «Гигиена және эпидемиология» біліктілігімен медициналық колледжін бітірген түлектерге ауызша билетпен емтихан комиссиясы жүргізеді, нәтижесі «өтті» немесе «өтпеген» болып табылады.

3. Емтихан сұрақтары:

3.1. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы бойынша қабылдау емтихандарының сұрақтары:

1. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы. Балалар мен жасөспірімдер денсаулығын сипаттайтын жағдайлардың көрсеткіштері.
2. Балалар мен жасөспірімдердің күн тәртібі. Балалар мен жасөспірімдердің күн тәртібінің физиологиялық-гигиеналық негіздері. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының қызметі. Шаршау және оның физиологиялық маңыздылығы.
3. Денсаулықтың негізгі көрсеткішінің бірі дене дамуы. Дене дамуының акселерациясы мен ретардациясы. Балалар мен жасөспірімдердің дене дамуының көрсеткіштерін бағалау және зерделеу әдістері.
4. Балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесінің физиологиялық-гигиеналық негіздері. Дене тәрбиесінің құралдары мен формалары. Дене тәрбиесін медициналық бақылау.
5. Балалар және жасөспірімдердің тамақтану негіздері. Өсуші организмнің энергия және заттек алмасу ерекшеліктері.

3.2. Тағам гигиенасы бойынша қабылдау емтихандарының сұрақтары:

1. Тамақтанудың биологиялық, энергетикалық және тағамдық құндылықтары. Ағзаның энергия шығыны. Энергетикалық баланс, анықтамасы, түрлері.
2. Макро- және микронутриенттер, олардың тамақтанудағы маңызы. Жіктелуі және сипаттамалары.
3. Ұтымды балансты тамақтанудың физиологиялық-гигиеналық негіздері және оларды ұйымдастырудың гигиеналық талаптары.
4. Тағамнан уланулар (жіктелісі, этиология, эпидемиология, клиника, диагностика). Тағамнан улануларды тексеру, кезеңдері. Тағамнан уланулардың алдын алу принциптері Тағамдық уланулардың клиникалық белгілері.
5. Сауда, қоғамдық тамақтану және тағам өндірістеріне жүргізілетін ескертпелі және ағымды санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау.

3.3. Коммуналдық гигиена бойынша қабылдау емтихандарының сұрақтары:

1. Коммуналдық гигиена пәні, пәннің мазмұны, мақсаты, әдістері. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік санитарлық қадағалау.

2. Қоршаған орта факторлары (физикалық, химиялық). Қоршаған орта факторларын гигиеналық реттеу принциптері.

3. Коммуналдық гигиенада қолданылатын құрылғылар, олардың тағайындалуы.

4. Судың гигиеналық-эпидемиологиялық маңызы. Ауыз су сапасының көрсеткіштері.

5. Атмосфералық ауа гигиенасы. Елді мекендердегі ауаның ластану көздері.

3.4. Еңбек гигиенасы бойынша қабылдау емтихандарының сұрақтары:

1. Еңбек гигиенасы, пәннің мазмұны, мақсаты, әдістері. Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің құрылымы мен функциялары.

2. Өндірістегі ескертпелі санитарлық қадағалау, мақсаты, міндеттері, кезеңдері. Ағымды санитарлық қадағалау.

3. Еңбек гигиенасында өндірістік физикалық факторлар және оларды бағалау.

Өндірістік микроклимат.

4. Өндірістік шу, діріл, өндірістік аэрозольдер (шан), олардың гигиеналық маңызы.

5. Өндірістегі кәсіптік уланулар және аурулар.

3.5. Талапкерлерге арналған эпидемиология бойынша сұрақтар:

1. «Эпидемиялық ошақ» анықтамасы. Ошақты эпидемиологиялық тексеру, мақсаты, кезеңдері.

2. Дезинфекция. Дезинфекция түрлері, әдістері.

3. Иммунопрофилактика (жоспарлы, эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша).

4. Профилактикалық егулерді ұйымдастыру. Вакциналарды енгізу әдістері.

5. Ішек инфекцияларының этиологиясы, эпидемиологиялық сипаттамасы ошақтардағы эпидемияға қарсы шаралар.

6. Аэрозольді инфекциялардың этиологиясы, эпидемиологиялық сипаттамасы, ошақтардағы эпидемияға қарсы шаралар.

4. Жоғары оқу орнына қабылдау үшін құжаттар тізімі:

1. Диплом қосымшасымен (түпнұсқа + 2 көшірме+ сканерленген PDF форматы).

2. 3x4 фотосурет (6 шт).

3. Медициналық анықтама 075-У формасы, флюорография суреті (міндетті түрде!) (түпнұсқа + көшірме + сканерленген PDF форматы).

4. Жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа + 3 көшірме+ сканерленген PDF форматы).

5. Оқу ақысы туралы түбіртек (ақылы бөлімге түсушілер үшін) (көшірме).

6. Шет тілінде ұсынылатын құжаттардың (шетел азаматтары және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін) қазақ немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс (Қазақстан Республикасының нотариусы!) түпнұсқасы.

7. Ер балалар үшін әскери тіркеу туралы куәліктің көшірмесі + сканерленген PDF форматы

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар еңбек кітапшасының кадр қызметі растаған көшірмесін қосымша ұсынады.

9. Өзімен бірге картон папка (скоросшиватель), А5 конверт, 2 дана файл болуы керек.

10. Электрондық шартқа қол қою үшін талапкердің ЭЦҚ кілті.